

Аққулы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Аққулы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" № 1-03/198 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 5 қаңтардағы № 1-03/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 7302 болып тіркелді

Аққулы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аққулы ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі "Аққулы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" № 1-03/198 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6972 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Аққулы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Аққулы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.";

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аққулы ауданы әкімінің кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аққулы ауданының әкімі

А. Балгабаев

Аққулы ауданы
әкімдігінің 2023 жылғы
5 қаңтардағы № 1-03/1
қаулысына қосымша

Аққулы ауданы
әкімдігінің 2020 жылғы
29 қыркүйектегі № 1-03/198
қаулысына қосымша

Аққулы ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

--	--	--	--	--	--

P/c №	Нақты орналасу орны	Алатын алаңы, шаршы метр	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сонымен қатар қоғамдық тамақтану объектілері)
1	2	3	4	5	6
1	Аққулы ауылдық округі, Аққулы ауылы, Амангелді көшесі, 80	60	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"Centre" базары
2	Аққулы ауылдық округі, Аққулы ауылы, Всеволод Иванов көшесі, 92/1	100	5	ауыл шаруашылық, азық - түлік және азық - түлік емес өнімдерін іске асыру	жоқ
3	Баймолдин ауылдық округі, Әбілқайыр Баймолдин атындағы ауылы, Баймолдин көшесі, 11	50	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	жоқ
4	Жамбыл ауылдық округі, Жамбыл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 30	100	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"У Ильдара" дүкені
5	Қызылағаш ауылдық округі, Бесқарағай ауылы, Айып Құсайынов көшесі, 5	105	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"Бесқарағай-Алькей" дүкені
6	Қарақала ауылдық округі, Қарақала ауылы, Шайхислям Оспанов көшесі, 24	80	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"Рахат-Али" дүкені
7	Майқарағай ауылдық округі,	20	5	ауыл шаруашылық	жоқ

	Майқарағай ауылы, Жабаяв көшесі, 5			өнімдерін іске асыру	
8	Малыбай ауылдық округі, Малыбай ауылы, Мұхтар Әуезов көшесі, 16	60	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	жоқ
9	Шақа ауылдық округі, Шақа ауылы, Центральная көшесі, 8	50	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"Сұлтан" дүкені
10	Шарбақты ауылдық округі, Шарбақты ауылы, Абуғали Салменов көшесі, 13	30	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	жоқ
11	Ямышев ауылдық округі, Ямышево ауылы, Советов көшесі, 6А	70	5	ауыл шаруашылық өнімдерін іске асыру	"Универмаг" дүкені